

Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 маусымдағы N 2329 Зан күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 324 Занымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасында міндettі медициналық сақтандырудың, құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін бекіту мақсатында осы Жарлықты шығарамын:

I Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Медициналық сақтандыру ұғымы

Міндettі медициналық сақтандыру Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау жөніндегі олардың мүдделерін әлеуметтік қорғаудың нысаны болып табылады және ол Міндettі медициналық сақтандыру қоры қаражатының есебінен белгілі бір сақтандыру жағдайлары пайда болған кезде міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шеңберінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қатынастарды білдіреді.

Міндettі медициналық сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың күрамdas бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары үшін жалпыға бірдей болып табылады және оны Міндettі медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Ерікті медициналық сақтандыру дегеніміз - сақтандырылған азаматтардың міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасында белгіленгендерден тыс қосымша медициналық қызметтерді алуын қамтамасыз ету.

2-бап. Міндettі медициналық сақтандыру туралы зандар

Медициналық сақтандыру туралы заңдар осы Жарлықтан, Қазақстан Республикасының заң актілерінен және соларға сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта міндettі медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастар

Осы жарлықпен:

міндettі медициналық сақтандыру шартын жасау және оны орындау процесінде туындастын Міндettі медициналық сақтандыру қоры мен сақтандырушының арасындағы қатынастар;

медициналық қызмет көрсету туралы міндettі медициналық сақтандыру шартын жасау және оны орындау процесінде туындастын Міндettі медициналық сақтандыру қоры мен медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысатын адамның арасындағы қатынастар реттеледі.

Ерікті медициналық сақтандыру жөніндегі қатынастар сақтандыру туралы заңдармен реттеледі.

Әскери қызметте, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарында, республикалық ұланда, кеден органдарында, салық полициясында қызметте жүрген азаматтарға міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі қатынастар қолданылмайды.

4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, сондай-ақ уақытша жүрген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдары Міндettі медициналық сақтандыру

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, сондай-ақ уақытша жүрген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды міндettі медициналық сақтандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-бап. Міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі қатынастардың қатысушылары

Міндettі медициналық сақтандыру қоры, сақтандырушылар, сақтандырылушылар, сондай-ақ медицина ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі қатынастың қатысушылары болып табылады.

Міндettі медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) - заңмен белгіленген тәртіpte заңды тұлға ретінде тіркелген, ақша қорларын қалыптастыруға арналған оның есебінен міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасының шеңберінде азаматтардың кепілді медициналық көмек алуы қамтамасыз етілетін мемлекеттік коммерциялық емес ұйым.

Сақтандыруши - Қормен міндettі медициналық сақтандыру шартын жасаған және сақтандыру төлемдерін төлейтін тұлға.

Жұмыс істемейтін тұрғындар (кәмелетке толмағандар; мемлекеттік оқу орындарының күндізгі нысанында оқитын адамдар; зейнеткерлер; жұмыс іstemеген кездегі кезеңі еңбек стажына есептелінетін адамдар; белгіленген тәртіппен тіркелген жұмыссыздар) үшін - тиісті жергілікті атқару органдары;

жұмыс істейтін тұрғындар үшін - жұмыс беруші сақтандырушылар болып табылады.

Халықтың басқа санаттары міндettі медициналық сақтандыру шарттарын дербес жасасады.

Сақтандырушылар - оларға қатысты міндettі медициналық сақтандыру жүзеге асырылатын адамдар.

Емдеу-профилактикалық ұйымдар, ғылыми-зерттеу және медицина институттарының емханалары мен басқа да медициналық ұйымдар, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіpte тіркеліп және лицензия алып, медициналық қызметпен айналысушы адамдар міндettі медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық ұйымдар мен жеке медициналық практикамен айналысушы адамдар болып табылады.

6-бап. Міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы

Міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы - сақтандыру жағдайларының тізбесі (аурулар мен жарақаттанулар), мұндай жағдайлар болған кезде Қор медицина ұйымына немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамға немесе Қормен міндettі

медициналық сақтандыру шартын жасамаған медицина ұйымына өтініш білдіргендеге немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарға медициналық қызмет көрсету жөніндегі шығындарға өтем

жасайды.

Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын Денсаулық сақтау министрлігі өзірлең, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

II Тарау. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі шаралар

7-бап. Міндетті медициналық сақтандыру шарты

Міндетті медициналық сақтандыру шарты дегеніміз - бұл Қор мен сақтандырушының арасындағы жазбаша келісім, ол бойынша сақтандырушы Қорға сақтандыру төлемдерін төлеуге міндеттенеді, ал Қор сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырылған адамға міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасының шенберінде медициналық көмек көрсеткен медициналық ұйымның немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адам шығындарының орнын толтыруға міндеттенеді.

Қор мен сақтандырушының арасындағы міндетті медициналық сақтандыру шартында:

Қордың атауы, оның орналасқан жері және банктік реквизиттері;

сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері (егер ол занды тұлға болса), сақтандырушының фамилиясы, аты-жөні және мекен-жайы (егер ол жеке тұлға болса); сақтандырушылардың саны туралы мәліметтер;

сақтандыру төлемінің мөшері, оны төлеудің тәртібі мен мерзімі болуы тиіс.

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де жағдайлар енгізілуі мүмкін.

Егер міндетті медициналық сақтандырудың шартында зандарда көзделмегендер салыстыра қарағанда сақтандырушының жағдайын нашарлататын жағдайлар бар болса, онда зандармен белгіленген ережелер қолданылады.

Шарттың нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

8-бап. Медициналық қызмет көрсету туралы шарт

Медициналық қызмет көрсету туралы шарт дегеніміз - бұл Қор мен медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның арасындағы жазбаша келісім, ол бойынша Қор сақтандырылған адамға міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасының шенберінде медициналық қызмет көрсеткен медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адам шығындарының орнын толтыруға міндеттеледі, ал медициналық ұйым немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адам

сақтандырылған адамға міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасынан кем емес ауқымда медициналық қызмет көрсетуге міндettенеді

Медициналық қызмет көрсету туралы шартта:

Қордың атауы, оның мекен-жайы және банктік реквизиттері;

медицина ұйымының атауы, оның орналасқан жері және банктік реквизиттері, немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның фамилиясы, аты-жөні және мекен-жайы;

тексеріліп-қаралған және (немесе емделген ауру адамға есепте көрсетілген медициналық қызметтер құнының мөлшері (медициналық қызметтің тарифтері);

медицина ұйымы немесе жеке медициналық практикамен айналысушы

адам шығындарының орнын толтыру мерзімдері болуы тиіс.

Шарттың нысанын, шығындардың орнын толтырудың тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де қағидалар енгізуі мүмкін.

9-бап. Міндettі медициналық сақтандыру жүйесіндегі шарттардың күші

Міндettі медициналық сақтандыру жүйесіндегі шарттар жасалған сәттен бастап күшіне еніп, тараптар үшін міндettі болады.

10-бап. Қордың міндettтері

Қор:

сақтандырушылармен міндettі медициналық сақтандыру шарттарын жасауға;

медицина ұйымдарымен және жеке медициналық практикамен айналысушы адамдармен медициналық қызметтер көрсету туралы шарттар жасауға;

шарттардың жағдайларына сәйкес медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның сақтандырулышыға медициналық қызмет көрсету жөніндегі шығындарының орнын толтыруға;

сақтандырылған адам Қормен медициналық қызмет көрсету шартын жасамаған медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның медициналық қызметтің пайдаланған жағдайда, міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шенберінде оның шығындарының орнын толтыруға;

сақтандырылған азаматтарға медициналық сақтандыру құжатын беруге;

сақтандырушылардың сақтандыру төлемдерін уақтылы төлеуін бақылауға;
шартта белгіленген медициналық қызметтердің ауқымы мен сапасын бақылауға;
қолданылып жүрген зандарға сәйкес медицина қызметкерінің теріс іс-әрекетімен сақтандырылушиның денсаулығына келтірілген залалдың орнын толтыру үшін медицина ұйымына немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамға талап қоюға міндettі.

11-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндettteri
Сақтандырушы міндettі медициналық сақтандыру шарты жағдайларының орындалуына бақылау ісін жүзеге асыруға құқылы.
Сақтандырушы:

Кормен міндettі медициналық сақтандыру шартын жасауға;
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлемдерін төлеуге міндettі.

Міндettі медициналық сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндettteri көзделуі мүмкін.

12- бап. Медицина ұйымының немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның міндettteri
Медицина ұйымы мен жеке медициналық практикамен айналысушы адам:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі бекіткен медициналық-экономикалық стандарттарға сәйкес медициналық көмек көрсетуге ;

сақтандырылған азаматтардың өздерінің денсаулық жағдайларын асқындыруға апарып соғуы мүмкін медициналық нұсқамаларды бұзудың барлық жағдайлары туралы Қорды хабардар етіп отыруға міндettі.

13-бап. Сақтандыру төлемдері

Сақтандыру төлемдері - сақтандырушы Қорға салуға міндettі медициналық сақтандыруға төленетін жарналар.

Сақтандыру төлемдері міндettі медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ететін мөлшерде белгіленеді.

Міндettі медициналық сақтандыруға төленетін сақтандыру төлемдері; жұмыс істемейтін халық үшін - бір тұрғынға шаққандағы қаржыландыру шығындарының үлестік мөлшеріне сәйкес бюджет қаражатының есебінен;

жұмыс беруші үшін - еңбекақы қорына қатысты проценттерде белгіленіп, заңды және жеке тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан шегерілетін шығындарға жатқызылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі төлемдердің мөлшерін, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімін, сондай-ақ міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі төлемдерден Қорды ұстауға және дамытуға жұмсалатын аударымдардың мөлшерін белгілейді.

14-бап. Медициналық қызметтерге арналған тарифтер

Міндettі медициналық сақтандыру жөніндегі медициналық қызметтерге арналған тарифтер медицина үйімінен немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның сақтандырушулыарға медициналық қызметтер көрсету жөніндегі шығындарының құндық көрінісі болып табылады, олар Қор мен медицина үйімінен немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның арасындағы келісім бойынша белгіленіп, оларды облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бекітеді.

Медициналық қызметтерге арналған тарифтер жылына көп дегенде 2 рет қаралуы мүмкін.

Сақтандырылуши Қормен медициналық қызмет көрсету шартын жасамаған медицина үйімінен немесе жеке медициналық практикамен айналысушы адамның медициналық қызметін пайдаланған жағдайда, сақтандырылуши шығындарын Қор арқылы, бірақ осы қызметтерге арнап бекітілген орташа тарифтерден жоғары емес мөлшерде өтетіп алуға құқылы.

15-бап. Медициналық қызметтер көрсету туралы шарттың тоқтатылуы

Медициналық қызметтер көрсету туралы шарт, егер бұл шарттың жағдайларында көзделсе, тараптардың бірінің талап етуі бойынша, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Медициналық қызметтер көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы, егер шартта өзгедей көзделмесе, тараптар бір-біріне шартты тоқтатудың ойластырылған датасынан кемінде 30 күн бұрын мәлімдеуге міндettі.

16-бап. Міндettі медициналық сақтандыру кезінде шарттардан туындастын дауларды қарау

Міндettі медициналық сақтандыру кезінде шарттар жөніндегі

және солардан туындастын дауларды белгіленген тәртіпке сәйкес сот қарайды.

III Тарау. Міндепті медициналық сақтандыру

қоры мен оның қаражаты

17-бап. Қордың құрылымы

Міндепті медициналық сақтандыру қорын Қазақстан Республикасының

Үкіметі құрады және ол оған есеп беріп отырады.

Қор міндепті медициналық сақтандыру жүйесінде шарттар жасау мен оның орындалуы жөніндегі қызметті тікелей жүзеге асыратын облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерін құрады.

Қордың бюджеті респубикалық бюджетті қарау кезінде жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметінің қарауы мен бекітуіне жатады.

Қордың өзін ұстауға арналған қаражатының нысаналы пайдаланылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қордың міндепті медициналық сақтандыру жөніндегі шығындардың орнын толтыруға арналған қаражатының нысаналы пайдаланылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүзеге асырады.

18-бап. Қордың қаражаты

Міндепті медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері ретінде төленетін және пайдаланылуы зандарға қайшы келмейтін, басқа да көздерден түсken қаражат Қордың қаражатын құрайды.

Қордың қаражаты міндепті медициналық сақтандыру бойынша медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындардың орнын толтыруға жұмсалатын сақтандыру резерві қорына және өзін дамыту қорына бөлінеді.

Міндепті медициналық сақтандыру қорының қаражаты бюджет құрамына кірмейді, ол сақтандырушыларға медициналық қызмет көрсету жөніндегі шығындардың орнын толтыруға арналған.

Қордың қаражаты бюджетке және өзге де мемлекеттік ақша

қорларына алынбауға тиіс, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

ЕСКЕРТУ. 18-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-I Заңымен.

Z970134_

19-бап. Сақтандыру резервтерінің қаражатын орналастыру

Қор сақтандыру резервтері қаражатының кемінде 80 процентін міндетті медициналық сақтандыру бойынша ағымдағы төлемдерді жүзеге асыру үшін банктегі есептік шотында орналастыруға міндетті. Сақтандыру резервтері қаражатының қалған бөлігі:

- а) мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алу;
- б) Мемлекеттік банктерде депозит шоттарында сақтау жолымен орналастырылуы мүмкін.

IV Тарау. Қорытынды ережелер

20-бап. Міндетті медициналық сақтандыру туралы

зандарды бұзғаны үшін жауаптылық

Міндетті медициналық сақтандыру туралы зандарды бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес туындайды.

21-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті